

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 7 сәуірдегі N 173 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 27 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3599. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № 473 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.07.11 № 473 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 383-ө өкімімен бекітілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Нормативтік-құқықтық кесімдер тізбесінің 26-тармағы негізінде **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті (Л.Ю.Пак) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Д.В.Акрачкова) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. "Бақылауға жататын, құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау, есепке алу, жазып беру, босату, пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 11 мамырдағы N 428 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің Мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1604 болып тіркелген) .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі А.А.Ақановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 7 с ә у і р д е г і N 1 7 3
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында бақылауға жататын
есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен
прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолданудың осы Ережелері (бұдан әрі - Ереже), "Есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы тұру шаралары туралы" 1998 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және құрамында есірткілік заттар, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар, сондай-ақ Заңмен бекітіліп Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар Тізіміне енгізілген (бұдан әрі - Тізім) прекурсорлар айналымын; құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға рецепттер жазып беру тәртібін белгілейді.

2. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды медициналық мақсаттарда қолдану есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызмет түрлерінің біріне лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарында жүзеге асырылады.

3. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды науқастардың амбулаториялық емделу кезінде қолдануы жазып берген рецептке сәйкес дәрігердің тағайындауы бойынша жүзеге асырылады.

4. Арнайы рецептуралық бланк құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға рецепт жазып беруге арналған.

5. Сигнатура - құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды сатып алудың заңдылығын растайтын құжат.

2. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындау

6. Денсаулық сақтау ұйымында амбулаториялық және стационарлық емдеу кезінде құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындауды денсаулық сақтау ұйымының емдеуші дәрігері жүзеге асырады.

7. Жедел және кезек күттірмес медициналық жәрдем көрсетілген кезде құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды шақыруларға шығатын жедел медициналық жәрдем бригадасының дәрігері немесе денсаулық сақтау ұйымындағы кезек күттірмес жәрдем (үйдегі жәрдем) бөлімінің дәрігері тағайындайды.

Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер мен психотроптық заттар бар дәрілік заттардың қолданылғанын ресімдеуді науқасқа шұғыл медициналық жәрдем көрсетілгеннен кейін жүргізуге болады.

8. Стационарлық емдеуде жатқан науқастарға құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды тағайындау аурудың ауырлығы мен сипатына қарай ауруды диагностикалау мен емдеудің кезеңдік хаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың тағайындалуы бір реттік мөлшері, қабылдау (енгізу) тәсілі мен дүркіндігі, емдеу курсының ұзақтығы, сондай-ақ дәрілік заттарды тағайындаудың негіздемесі көрсетіле отырып, науқастың медициналық құжаттарында (ауру тарихында, амбулаториялық картасында, консультациялық тексерулерді жазу парағында) жазылып көрсетіледі және бөлімше меңгерушісінің немесе денсаулық сақтау ұйымы басшысының қолымен расталады.

10. Демалыс пен мереке күндері науқастарға құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды жазып беруді кезекші дәрігер жүзеге асыруы мүмкін.

11. Бір дәрігер жұмыс істейтін денсаулық сақтау ұйымдарында, операциядан кейінгі науқастарға, сондай-ақ ауыру, кардиогендік, гемотрансфузиондық, геморрагиялықтан кейінгі немесе басқа да шоктық жай-күйіндегі, ануриясы және өзге де жедел өршитін жай-күйі бар науқастарға (соның ішінде азаматтық мақсаттағы санитарлық көлікте) жедел медициналық жәрдем көрсеткенде құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер мен психотроптық заттар

бар дәрілік заттарды тағайындауды дәрігер жеке өзі жүзеге асырады.

Тағайындау фактісі науқастың медициналық құжатында көрсетіледі және дәріні тағайындаған дәрігердің қолымен расталады.

12. Стационарлық медициналық жәрдем көрсететін медицина ұйымдарында құрамында Тізімнің II, III Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды науқастарға босату басқа дәрілік заттардан бөлек жүргізіледі. Ішу арқылы қабылдау тек медбикенің қатысуымен, ал инъекция түрінде қабылдау - дәрігердің қатысуымен жүргізіледі.

3. Рецепттер жазып беру және құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды босату

13. Науқастарға құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға рецепттерді тиісті медициналық көрсетілімдері болғанда науқастың жасын ескере отырып, денсаулық сақтау ұйымы емдеуші дәрігерлері, жеке емдік практиканы жүргізуші дәрігерлер жазып беріп, қолын қояды, жеке мөрімен және денсаулық сақтау ұйымының мөртабанымен және мөрімен растайды.

14. Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттар осы Ережелерге 1 қосымшаға сәйкес бланктің коды, нөмірі мен қорғаныстық дәрежелері болатын, А 6 форматында баспаханалық тәсілмен дайындалған қызғылт түсті арнайы рецептуралық бланкіде амбулаториялық науқастарға жазылып беріледі. Код осы Ережелерге 2 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің шартты сандық белгілерін қамтиды.

15. Арнайы рецептуралық бланкке денсаулық сақтау ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қол қояды және денсаулық сақтау ұйымының мөрімен расталады. Бұл орайда мөрді кесу сызығына басады. Бұдан басқа, денсаулық сақтау ұйымының мөртабаны басылады, медициналық құжаттаманың нөмірі, рецепті жазып берген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты мен оның қолы, сондай-ақ науқастың тегі, аты, әкесінің аты, жасы мен тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі.

Арнайы рецептуралық бланкке жазылып берілген рецепттің түбіртегі олардың сақталуы үшін жауапты адамда сақталады.

16. Көп компонентті дәрілік нысанның құрамына енетін құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар атауы рецептте бірінші болып жазылады, одан кейін қалған барлық ингредиенттер көрсетіледі.

17. Рецепттің мазмұны, арнайы рецептуралық бланктің коды мен нөмірі науқастың медициналық құжаттамасына түсіріледі.

18. Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға тегін немесе жеңілдікті жағдайларда рецепттер жазып бергенде арнайы рецептуралық бланкке қосымша жеңілдікті рецепт жазылып беріледі.

Құрамында Тізімнің III, IV Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар рецептуралық бланктерге жазылып беріледі.

19. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға ең жоғарғы бір реттік қабылдаудан асатын мөлшерде рецепт жазып бергенде дәрілік заттың мөлшері жазбаша жазылады және леп белгісі қойылады.

Дәрігер бұл талапты сақтамаған кезде фармацевтика қызметкері жазылып берілген дәрілік зат бір реттік жоғары мөлшерінің жартысын босатады.

20. Инкурабельдік онкологиялық науқастарды емдеу үшін құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың бір рецептте жазылып берілетін мөлшері, дәрілік заттарды бір рецептке жазып беруге арналған жол берілетін шекті нормалардан екі есе асырылуы мүмкін.

Көзге арналған дәрілік нысандарда бір рецепттегі этилморфин гидрохлоридінің мөлшері бес есе арттырылуы мүмкін.

21. Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға рецепттер 7 күн ішінде жарамды.

22. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға жазылып берілген рецепттер осы ережелерге 3 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша журналда тіркеледі.

23. Рецепттер бланкіде қарастырылған барлық графалар міндетті түрде толтырыла отырып, анық жазылады. Рецептте түзетулерге жол берілмейді.

24. Мөлшері, қабылдау жиілігі мен ұзақтығы көрсетіле отырып, дәрілік затты қолдану тәсілі мемлекеттік және орыс тілдерінде белгіленеді. Жалпылама ("Белгілі", "Ішуге", "Сыртқа" сияқты) нұсқаулармен шектелуге жол берілмейді.

25. Арнайы рецептуралық бланкте бір дәрі жазылып беріледі.

26. Мыналарға:

1) Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецепт жазып беруге;

2) Нашакорлықтан зардап шегетін науқастарға құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға рецепттер жазып беруге;

3) Амбулаториялық науқастарға этил спиртіне, фентанилге рецепт жазып беруге және оларды босатуға;

4) Бір рецептуралық бланкте құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды осы Ережелерге 4 қосымшада көрсетілген мөлшерден көп жазып беруге және босатуға;

5) Рецептте жазылып берілген есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды дайындалған нысанның құрамынан тыс босатуға жол берілмейді.

27. Созылмалы аурулары бар науқастарға құрамында Тізімнің III, IV Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарға рецепттер бір айға дейінгі мерзімдегі емдеу курсына жазылып беріле алады. Бұл жағдайларда рецептуралық бланкте "Арнайы тағайындау бойынша" деген жазу көрсетіледі.

28. Жоғарыда аталған талаптарға жауап бермейтін рецепт жарамсыз болып есептеледі. Рецепт жазып берген адам науқас қаралған сәтте оның тиісінше ресімделуін қамтамасыз етеді.

29. Жарамсыз рецепттер "Жарамсыз рецепт" мөртабанымен жабылады, дұрыс жазылып берілмеген рецепттерді есепке алатын арнайы журналға тіркеледі.

30. Науқасқа құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды босатқанда фармацевтика қызметкері рецепттің келесі бетінде босатылған дәрілік заттың атауын, мөлшерін, күнін көрсетеді және босатушының қолын қояды.

31. Құрамында Тізімнің II, III Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды босатқанда науқасқа рецепттің орнына осы Ережелерге 5 қосымшаға сәйкес, рецептке және зауыттық таңбалануына (өндіруші-зауыт, ел, серия (топ) нөміріне) толық сәйкес келетін деректері бар диагоналы бойынша (солдан оңға қарай) сары жолақты "Сигнатура" беріледі. Сигнатура дәріні босатқан фармацевтік қызметкердің қолымен, сондай-ақ дәріханалық ұйымның мөрімен расталады.

32. Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарға рецепттер республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде, құрамында Тізімнің III, IV Кестесіндегі дәрілік заттарға - Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды.

33. Денсаулық сақтау ұйымының есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды алуға талаптары осы Ережелерге 6 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша латын тілінде жазылып, ұйым басшысының немесе оның орынбасарының қолымен және ұйымның мөрімен расталады.

4. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау және есепке алу ерекшеліктері

34. Прекурсорлармен, құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттармен жұмыс істеуге жіберілген адамдардың тізімі жыл сайын денсаулық сақтау ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

35. Денсаулық сақтау ұйымдарында, дәрілерді сақтау орындарында және кезекші дәрігерлер мен медбикелер постыларында есірткілік дәрілердің, психотроптық заттардың жоғарғы бір реттік және тәуліктік мөлшерлерінің кестесі, сондай-ақ олармен уланғанда қолданылатын у қайтарғыларының кестесі ілінеді.

36. Прекурсорларды, құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау бөлмесіне (әрі қарай - сақтау бөлмесіне) тікелей олармен жұмыс істейтін адамдарға ғана кіруге рұқсат етіледі.

37. Үй-жайлар, сейфтер мен шкафтар жұмыс күні аяқталғаннан кейін мөрленеді және (немесе) пломбланады. Кілттер, мөр және (немесе) пломбир жауапты адамда сақталады.

38. Прекурсорлар, құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың, реактивтердің кірісі мен шығысы жөніндегі барлық құжаттар (есеп-фактуралар, тауар құжаттары, сенімхаттар, рецепттердің түбіртектері, талаптар) айлар және жылдар бойынша тігілген, мөрленген күйінде сақтау бөлмесіндегі сейфтерде немесе металл шкафтарда сақталады.

Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың кірісі мен шығысы жөніндегі барлық құжаттар ағымдағысын есептемегенде бес жыл, Тізімнің III, IV Кестесіндегілер бір жыл сақталады.

39. Сейф, шкаф есіктерінің ішкі бетінде жоғары бір реттік және тәуліктік мөлшерлері көрсетіле отырып, сақтаулы тұрған дәрілік заттардың тізбесі ілінеді.

40. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды сақтау бөлмесінен беруді тек жауапты адам жүзеге асырады.

41. Дәріханалардың ассистенттік бөлмелеріндегі Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілердің, психотроптық заттардың қоры бес күндік қажеттіліктен, денсаулық сақтау ұйымының бөлімшелерінде (кабинеттерінде) - үш күндік қажеттіліктен, дәріханалардың сақтау бөлмелерінде - мереке және демалыс күндерін есептемегенде отыз күндік қажеттіліктен асырылмайды.

42. Денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлмелерінде кешкі және түнгі уақыттарда өмірлік көрсеткіштер бойынша шұғыл медициналық жәрдем көрсету

үшін құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың бес күндік қорын жасауға жол беріледі. Аталған қор кезекші дәрігердің рұқсатымен қолданылуы мүмкін.

43. Медициналық сараптамалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарында сынақтардан (талдамалардан) кейін қалған құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттар үш ай ішінде сақталады, одан кейін тапсырысшыға қайтарылады. Қабылдау өткізу фактісі актімен ресімделеді.

Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар ақаулы дәрілік заттар, сондай-ақ сынақтардан (талдамалардан) кейінгі қалдықтар жойылуға жатқызылады.

44. Денсаулық сақтау ұйымдарында прекурсорлар, құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар, сондай-ақ реактивтер осы Ережелерге 7, 8, 9, 10, 11, 12 қосымшаларға сәйкес үлгі бойынша нөмірленген, жіппен тігілген, денсаулық сақтау ұйымдарының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитеті аумақтық бөлімшелерінің мөрімен және басшысының қолымен расталған арнайы журналда заттық-сандық есепке алуға жатқызылады.

45. Аталған дәрілерді сақтауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының барлық бөлімшелерінде есепке алу журналы жүргізіледі. Бірінші бетінде заттық-сандық есепке алуға жатқызылатын прекурсорлар, құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар, реактивтер тізбесі көрсетіледі. Әрбір атау үшін өлшем бірлігі көрсетіле отырып, бөлек бет (айқарма бет) беріледі. Келіп түсуі нөмірі мен күні көрсетіле отырып, әрбір кіріс құжаты бойынша көрсетіледі. Шығындары күндізгі қорытындылар (күнделікті жазбалар) бойынша жазылады.

46. Жауапты адам әр айдың бірінші жұлдызында құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың, сондай-ақ прекурсорлардың нақты барын кітап қалдығымен салыстырып, осы Ережелерге 22 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша салыстыру актісін жасайды.

Аталған дәрілерді мүкәммалдағанда жеке мүкәммалдық тізім бойынша нақ қалдығы анықталады.

47. Нақты қалдықты кітаптағы қалдықтармен салыстырғанда алшақтықтар анықталған жағдайда денсаулық сақтау ұйымының басшысы есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қаперіне жеткізу үшін бұл туралы Комитеттің аумақтық бөлімшесіне бір тәулік ішінде хабардар етеді.

5. Арнайы рецептуралық бланктер мен талаптарды сақтау, бөлу, босату, есепке алу және жою

48. Мемлекеттік жергілікті денсаулық сақтау органдары денсаулық сақтау ұйымдарын арнайы рецептуралық бланктермен қамтамасыз етеді.

49. Арнайы рецептуралық бланктерді беру оларда саны (жазбаша), бланктің коды мен нөмірі көрсетіле отырып, сенімхат бойынша жүзеге асырылады.

50. Арнайы рецептуралық бланкілерді алуға арналған сенімхаттың қолданылу мерзімі 10 күн (алыс аудандардағы денсаулық сақтау ұйымдары үшін - бір ай).

51. Денсаулық сақтау ұйымдарының арнайы рецептуралық бланктерге талаптары осы Ережелерге 15 қосымшаға сәйкес үлгіде ресімделеді.

52. Денсаулық сақтау ұйымына түскен кезде арнайы рецептуралық бланктерді сол ұйымның басшысы тағайындаған комиссия қабылдайды. Арнайы рецептуралық бланкілерді кіріске алу, оларды комиссия қабылдауынан кейін кіріс жөніндегі құжат бойынша жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы немесе оның орынбасары алынған мөлшердің ілеспе құжаттарға сәйкестігін жеке тексереді.

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы арнайы рецептуралық бланктерді алу, сақтау мен беру үшін жауапты адамды тағайындайды.

53. Арнайы рецептуралық бланктер, талаптар, сондай-ақ кіріс пен шығыс жөніндегі құжаттар сейфтерде немесе металл шкафтарда сақталады.

Арнайы рецептуралық бланктер, талаптар, сондай-ақ кіріс пен шығыс жөніндегі құжаттар сақталатын бөлме жұмыс аяқталғаннан кейін мөрленеді және (немесе) пломбыланады. Бөлменің кілті, мөр және (немесе) пломбир денсаулық сақтау ұйымы басшысының бұйрығымен тағайындалған жауапты адамда сақталады.

Денсаулық сақтау ұйымындағы арнайы рецептуралық бланктердің қоры орташа айлық қажеттіліктен аспайды.

54. Емдеуші дәрігерге арнайы рецептуралық бланкілер нақты науқас үшін денсаулық сақтау ұйымы басшысы орынбасарының рұқсатымен беріледі.

55. Арнайы рецептуралық бланкілер заттық-сандық есепке алынуға жатады.

56. Арнайы рецептуралық бланктерді есепке алу кітабы осы Ережелерге 13 қосымшаға сәйкес бір күнтізбелік жылға жүргізіледі. Кітап нөмірленеді, жіппен тігіледі, ұйымның мөрімен және басшысының қолымен расталады.

57. Әрбір айдың бірінші жұлдызында материалдық жауапты адам нақты бар арнайы рецептуралық бланктерді кітаптағы қалдықпен салыстырады, ол туралы осы Ережелерге 14 қосымшаға сәйкес салыстыру актісі жасалады.

Тексеру нәтижесі бойынша алшақтық анықталған жағдайда, денсаулық сақтау ұйымы Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір тәулік ішінде хабардар етеді.

58. Арнайы рецептуралық бланкілерді есепке алу кітабы оған барлық кіріс-шығыс құжаттарымен бірге ағымдағы жылды есептемегенде бес жыл бойы сейфтерде немесе металл шкафтарда сақталады.

59. Арнайы рецептуралық бланкілердің кірісі мен шығысы жөніндегі барлық құжаттар (есеп-фактуралар, тауар құжаттары, талаптар, сенімхаттар) олардың сақталуына кепілдік берілетін жағдайларда сақталады. Құжаттар айлар мен жылдар бойынша тігіледі.

60. Денсаулық сақтау ұйымының басшысы үйінде қайтыс болған науқастардан қалған пайдаланылмаған арнайы рецепттерді қабылдау мен есепке алуды ұйымдастырады.

61. Үйінде қайтыс болған онкологиялық (гематологиялық) науқастардың туыстарынан пайдаланылмаған арнайы рецептуралық бланктерді қабылдау осы Ережелерге 16 қосымшаға сәйкес актімен ресімделеді.

62. Қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген пайдаланылмаған арнайы рецепттердің саны осы Ережелерге 17 қосымшаға сәйкес нөмірленген, жіппен тігілген, денсаулық сақтау ұйымының дөңгелек мөрімен және басшысының қолымен расталған арнайы журналда тіркеледі.

63. Қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген пайдаланылмаған арнайы рецепттер сақталуға кейіннен жойылуға жатқызылады. Рецепттердің жойылуы рецепттердің жиналуына қарай, бірақ кемінде айына 1 рет құрамына ішкі істер органының өкілі кіретін тұрақты қызмет ететін комиссияның қатысуы арқылы өртеу жолымен жүргізіледі. Жойылу фактісі тиісті актімен ресімделеді.

6. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды, сондай-ақ прекурсорларды жою

64. Стационарлық медициналық жәрдем көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында бос ампулалар мен ішіндегісі ішінара пайдаланылған, құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттардан босаған ампулалар жиналуға және жойылуға жатқызылады.

65. Денсаулық сақтау ұйымының басшысы үйінде қайтыс болған науқастардан кейін пайдаланылмай қалған құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды қабылдау мен есепке алуды ұйымдастырады.

66. Қайтыс болуы туралы куәлікті ресімдеу үшін жауапты қызметкерге қайтыс болған онкологиялық науқастың туыстарынан үйінде қайтыс болған науқастардан қалған дәрілік заттардың пайдаланылмаған қалдығын қабылдау денсаулық сақтау ұйымы бойынша бұйрықпен жүктеледі. Пайдаланылмаған

қалдықтарды қабылдау осы Ережелерге 18 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша актімен ресімделеді.

67. Бұл қызметкер қабылданған дәрілік зат шығынын амбулаториялық картада жазылған кезекті рецепттің алыну сәтінен бастап салыстыруын жүргізеді. Өткізілген дәрілік препараттардың саны, олардың атаулары мен дәрілік нысандары (ампулалар, таблеткалар, ұнтақтар) осы Ережелерге 19 қосымшаға сәйкес үлгі бойынша нөмірленген, жіппен тігілген, ұйым мөрімен және басшының қолымен расталған арнайы есепке алу журналында тіркеледі.

68. Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар пайдаланылмаған дәрілік заттарды есепке алу журналында мөлшері мен оларды жою тәсілі туралы белгі қойылады.

69. Өткізілген дәрілік заттар оларды жойғанға дейін сейфте сақталады.

70. Жарамдылық мерзімі өткен, қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген, құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды, сондай-ақ сынған, ақаулы, бос ампулалар мен ішінде ішінара пайдаланылған дәрі бар ампулаларды жою үшін денсаулық сақтау ұйымы бойынша бұйрықпен тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады, оның құрамына ішкі істер органдары мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің өкілдері енгізіледі.

71. Құрамында Тізімнің II Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар жинақталу дәрежесіне қарай әр айдың отызыншы жұлдызынан кешіктірілмей, денсаулық сақтау ұйымының жанындағы тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қатысуымен: ұнтақтар мен таблеткалар өртеу жолымен, ампуладағы препараттар жаншу жолымен жойылады.

72. Жою фактісі осы Ережелерге 20 және 21 қосымшаға сәйкес актімен ресімделеді.

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

1 қосымша

А6 форматы

Арнайы рецептуралық бланктің үлгісі

РЕЦЕПТ N _____	РЕЦЕПТ N _____
Код _____	Код _____
Денсаулық сақтау ұйымының мөртабаны	Денсаулық сақтау ұйымының мөртабаны
Рецепттің жазылып берілген күні 200 __ ж. " ____ " _____	Рецепттің жазылып берілген күні 200 __ ж. " ____ " _____

Науқастың _____ Т. А. Ә Жасы _____ Мекен-жайы _____ Участок N _____ Науқастың медициналық құжатының N _____ Дәрігердің Т.А.Ә _____ Rp: _____	Науқастың _____ Т. А. Ә, Жасы _____ Мекен-жайы _____ Участок N _____ Науқастың медициналық құжатының N _____ Дәрігердің Т.А.Ә _____ Rp: _____
Дәрігердің қолы мен жеке мөрі М.	Дәрігердің қолы мен жеке мөрі О.
Түзетулерге жол берілмейді Түбіртек денсаулық сақтау ұйымында қалады Бланк нөмірі	Түзетулерге жол берілмейді Бланк нөмірі

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

2 қосымша

**Республика әкімшілік-аумақтық бірлігінің
шарттық сандық белгісі (коды)**

Р/к N	Әкімшілік-аумақтық бірлігі	Шарттық сандық белгісі (коды)
1.	Астана қаласы	658
2.	Ақмола облысы	652
3.	Ақтөбе облысы	645
4.	Алматы қаласы	646
5.	Алматы облысы	660
6.	Атырау облысы	648
7.	Шығыс Қазақстан облысы	647
8.	Жамбыл облысы	649
9.	Батыс Қазақстан облысы	657
10.	Қарағанды облысы	650
11.	Қызылорда облысы	651
12.	Қостанай облысы	653
13.	Маңғыстау облысы	663
14.	Павлодар облысы	654
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	655
16.	Оңтүстік Қазақстан облысы	659

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар

мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

3 қосымша

**Дәрілік затты тегін (немесе жеңілдікті жағдайда)
алуға жазылған рецепттерді тіркеу журналы**

Шығарылған күні	Рецепттің N, коды	Науқастың Т. А. Ә амбулатория кар-тасының N	Аурудың түрі (шифр)	Науқастың мекен-жайы	Дәрілік заттың атауы, мөлшері, бұйып-түйілуі	Орамның саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Рецептті берген гердің және қолы	жазып дәрігердің Т. А. Ә	Рецептті қабылдап алған науқастың қолы	Қайтарылған рецептті белгілеу
8		9	10

Журнал нөмірленуі, жіппен тігілуі, денсаулық сақтау ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталуы тиіс.

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

4 қосымша

Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды бір рецептке жазып беру және босатудың шекті жол берілетін нормалары

Атауы	Өлшем бірлігі	Мөлшері
Бупренорфин (норфин) (0,2 мг) тіл асты таблеткалары	таблеткалар	20
Бупренорфин 1 мл-де 0,6 мг	ампулалар	10
Бупренорфин 1 мл-де 0,3 мг	ампулалар	20
Кодеин	грамм	0,2
Құрамында кодеин бар жөтелге қарсы таблеткалар (кодтермопс, кодтерпин)	таблеткалар	20
Морфин	грамм	0,3
Омнопон	грамм	0,1

Тримеперидин	грамм	0,25
Просидол	грамм	0,25
Этилморфин (дионин)	грамм	0,2
Эфедрин гидрохлориді, Псевдоэфедрин	грамм	0,6
Натрий этаминалы	грамм	1,0
Тізімнің психотроптық қышқылы препараттарынан басқа)	III заттар туындыларының ұйықтататын (барбитур ұйықтататын)	таблетка ампулалар
50-ден асырмай 20-ден асырмай		
Ұйықтататын қышқылы туындылары	дәрілер - барбитур	таблеткалар
		12-ден асырмай

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

5 қосымша

СИГНАТУРА

Дәріхана ұйымының атауы _____

КОДЫ _____ Рецепт N _____, шығарылған күні _____

Науқастың Т.А.Ә мен жасы _____

Рр: _____

Қолдану тәсілі _____

Дәрігердің Т.А.Ә _____

Дайындаған _____

Тексерген _____

Босатқан _____

Күні _____

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

6 қосымша

200 ___ ж. " ___ " _____

есірткілік дәрілерге, психотроптық заттар мен прекурсорларға талап

Денсаулық сақтау ұйымының атауы
Мөртабан

Есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызмет түріне N _____ мемлекеттік лицензия

Кімнен _____ (алушының Т.А.Ә, қызметі)

Қандай мақсаттар үшін (негіздеме) _____

Р/к N	Есірткілік дәрілердің, психотроптық заттардың, прекурсорлардың атауы	Өлшем бірлігі	Талап етілген мөлшер жазбаша	Босатылған мөлшер жазбаша
1	2	3	4	5

Басшының Т.А.Ә. _____ қолы _____

МО

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

7 қосымша

Дәріхана қоймаларында есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды есепке алу журналы

Ұйымның атауы _____

Дәрілік заттың атауы _____

Өлшем бірлігі _____

Айы	Айдың басындағы қалдық	Кіріс			Қалдықпен бірге кіріс бойынша ай ішіндегі барлығы
		Кімнен алынды	Құжаттың N мен күні	Саны	
1	2	3	4	5	6
Қаңтар					
Ақпан					
және т.б.					

кестенің жалғасы

Айы	Шығыс			Ай ішіндегі шығынның барлығы	Қалдығы	Материалдық жауапты адамның қолы
	Кімге босатылды	Құжаттың N мен күні	саны			

1	7	8	9	10	11	12
Қаңтар						
Ақпан						
және т.б.						

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

8 қосымша

Құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды бөлімшелерде және кабинеттерде есепке алу журналы

Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

Бөлімше (кабинет) _____

Дәрінің атауы, мөлшерленуі, буылып-түйілуі _____

Өлшем бірлігі _____

Кіріс				Шығыны		Қалдық	Босатушының Тегі, А.Ә., қолы	Алушының Т.А.Ә.
Алынған күні	Қайдан алынған, құжаттың N мен күні	Саны	Алушының Тегі, А.Ә., қолы	Берілген күні	Саны			
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

9 қосымша

Дәріханада заттық-сандық есепке алуға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды есепке алу журналы

З а н д ы _____ т ұ л ғ а н ы ң _____ а т а у ы _____

Препараттың атауы, мөлшерленуі

				А й і ш і н -	
--	--	--	--	---------------	--

Айы	1 жұл- дызға қалдық					дегі қал- дықпен бірге барлық кіріс	Шығындар түрі
		Құжат- тың N мен күні	Саны	Құжат- тың N мен күні	Саны		
1	2	3	4	5	6	7	8
Қаңтар							Амбулатория- лық рецепт бойынша
							стационар- ларға
Ақпан							

кестенің жалғасы

Шығындар										Әрбір түр бойын- ша ай ішін- дегі шығын	Шығын- ның барлық түр- лері бойын- ша ай ішін- дегі бар- лығы	Ай со- ңын- дағы қал- дық	Нақ- ты қал- дық
1	2	3	4	5	6	7	8	және т.с.с	31				
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

10 қосымша

**Талдама үшін сынақ зертханасына (орталыққа)
келіп түсетін құрамында есірткілік дәрілер,
психотроптық заттар мен прекурсорлар бар
дәрілік заттарды есепке алу журналы**

Сынақ зертханасының (орталықтың) атауы _____

Дәрінің атауы _____

Өлшем бірлігі _____

Кіріс						Берілген		
Р / к N , яғни тал- дама N	Түс- кен күні	Кімнен алынды, құжат- тың N	Серия N	Алынған саны, өлшем бірлігі	Сынақ түрі	Күні	Саны	Алу- шының колы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Шығыны							
Талда- маға шығын- далған мөлшері	Сынақ кәсібі, сынақ саны	Толты- рылған күні мен талда- машының қолхаты	Тал- дама нәти- же- лері	Тал- дама- дан қал- ған қал- дық	Қал- дықты қабыл- дап алу- шының қол- хаты	Дәріха- налық ұйымға беру немесе жою туралы белгі, саны, акт N	Зерт- хана мең- геру- шісі- нің колы
10	11	12	13	14	15	16	17

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

11 қосымша

**Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеу
ұйымдары мен білім беру ұйымдарында есірткілік
дәрілерді, психотроптық, улы заттар мен
прекурсорларды есепке алу журналы**

Ұйымның атауы _____

Атауы _____

Өлшем бірлігі _____

Кіріс			Шығыны		
Жеткізуші және	Саны	Материалдық жауапты адамның		Алу- шының	

Алын- ған күні	құжат- тың N		Тегі, А.Ә., қолы	Беріл- ген күні	Тегі, А.Ә.	Қандай мақсат- тарға
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Шығыны			
Саны	Алушының қолы	Берушінің Тегі, А.Ә., қолы	Қалдық
8	9	10	11

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

12 қосымша

Медбикелер постыларында құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды есепке алу журналы

Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

Дәрінің атауы, мөлшері, буылып-түйілуі _____

Өлшем бірлігі _____

КІРІС				ШЫҒЫНЫ			
Алын- ған күні	Қайдан алынды құжаттың N мен күні	Саны	Алушының Т.А.Ә., қолы	Беріл- ген күні	Науқас ауру тари- хының N мен Т.А.Ә.	Саны	Беру- шінің Т.А.Ә. қолы
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

13 қосымша

Арнайы рецептуралық бланктерді есепке алу кітабы

Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

Айдың басын- дағы	Кіріс		Шығын	
	N ___ден N ___ге		Кімге дәрі- гердің	N ___ден N ___ге

қалдық (жалпы саны)	Құжаттың N, күні	дейінгі бланк, Код ____	Саны	Т. А. Ә. берілген күні	дейінгі бланк	Саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Шығын		А й д ы н соңындағы қалдық (бланктердің жалпы саны)
Алған Адамның қолы	Материалдық жауапты адамның Т.А.Ә.	
8	9	10

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

14 қосымша

Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

Арнайы рецептуралық бланкті салыстыру актісі

200 _____ ж. _____ айына

р/к N	N ____ден N ____ге дейінгі арнайы рецеп- туралық бланктер	А й басын- дағы қалдық	Кіріс	Шығын	Кітап- тағы қалдық	Нақты қалдық	Айыр- масы + ±
1	2	3	4	5	6	7	8

Қ о р ы т ы н д ы

Жауапты адам _____ қызметі, қолы

Тексерген _____ қызметі, қолы

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

15 қосымша

Денсаулық сақтау ұйымының мөртабаны

Арнайы рецептуралық бланкілерге талап

20 ____ ж. " ____ " _____

Кімге _____

Кімнен _____

(денсаулық сақтау ұйымының атауы)

Есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметке 20 ____ ж _____ N _____ лицензия

P / к N	Атауы	Өлшем бірлігі	Жазбаша саны
1	2	3	4

Медицина ұйымының басшысы _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә.

Жауапты адам _____ ҚОЛЫ

Т.А.Ә.

МО

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

16 қосымша

Науқас қайтыс болғаннан кейін қалған арнайы рецепттерді қабылдау-өткізу актісі

_____ қаласы 20 ____ ж. " ____ " _____

Біз төменде қол қойған: материалдық жауапты адамның, қайтыс болған науқас туысының және мүдделі емес үшінші адамның Т.А.Ә.

(кемінде үш адам)

қайтыс болған науқас _____ туысы

қайтыс болған науқастың Т.А.Ә

_____ қайтыс болған науқас туысының Т.А.Ә.

(ұйымның атауы)

код _____ N _____ арнайы рецептуралық бланкті (терді) бергені туралы осы актіні жасадық, онда _____

(дәрілік заттың атауы)

Қайтыс болған науқастың мекен-жайы:

Мыналардың: комиссия мүшелерінің, өткізуші және қабылдаушының қолдары

Қ а б ы л д а д ы :

Ө т к і з д і :

Күні:

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

17 қосымша

Қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген пайдаланылмаған арнайы рецепттерді есепке алу журналы

Р/к N	Түскен күні	Науқастың Т.А.Ә мен мекен-жайы	Рецепт-ті жазып берген емхана	Бланктың коды, N , өткізілген рецепт-тің жазылып берілген күні	Өткізушінің Т.А.Ә мен қолы	Қабылдап алушының Т.А.Ә мен қолы	Жою тәсілі мен жойылған күні туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Ережесіне

18 қосымша

Науқас қайтыс болғаннан кейін қалған құрамында есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қабылдау-өткізу

АКТИСІ

200 ___ ж. " ___ " _____

Денсаулық сақтау ұйымының атауы

науқастың Т.А.Ә.

Біз төменде қол қойғандар: қайтыс болған науқас туысы

қайтыс болған науқас туысының Т.А.Ә.

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

бергені туралы (дәрілік заттың атауы, саны)

осы актіні жасадық

Қайтыс болған науқастың мекен-жайы:

Мыналардың: өткізушінің және қабылдаушының қолдары

Қ а б ы л д а д ы :

Ө т к і з д і :

Күні:

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

19 қосымша

**Қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген Тізімнің
II Кестесіндегі есірткілік дәрілерді, психотроптық заттарды
есепке алу журналы**

Р/к N	Түскен күні	Науқастың Т.А.Ә мен мекен-жайы	Өткізілген есірткілік дәрілер, психотроптық заттар мен прекурсорлар	Өлшем бірлігі	Саны	Өткізушінің Тегі мен қолы	Қабылдап алушының Тегі мен қолы	Саны мен жою тәсілі
----------	-------------	--------------------------------	---	---------------	------	---------------------------	---------------------------------	---------------------

			с ор- л а р атауы					туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

20 қосымша

**Денсаулық сақтау ұйымдарында пайдаланылған
және ішінара пайдаланылған ампулаларды жою
АКТИСІ**

_____ жыл _____

Мына құрамдағы комиссия (3 адамнан кем емес)

- 1) Денсаулық сақтау ұйымы өкілдерінің Т.А.Ә., қызметі;
- 2) Ішкі істер органдары өкілінің Т.А.Ә., қызметі;
- 3) Санитарлық эпидемиологиялық қызмет органы өкілінің Т.А.Ә., қызметі

_____ден _____ дейінгі кезең ішінде _____ данада (жазбаша)
есірткілік дәрілер қолданылған саны (жазбаша) _____ науқастардан (_____
науқастардың Т.А.Ә мен ауру тарихының N) алынған құрамында Тізімнің II
Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың
пайдаланылған және/немесе ішінара пайдаланылған ампулаларын жоюды
жүргізді.

Ампулалар жаншу жолымен жойылды.

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері: _____ (қолдары)

_____ (қолдары)

_____ (қолдары)

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

21 қосымша

**Қайтыс болған науқастардың туыстары
өткізген есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар**

мен прекурсорларды жою

АКТИСІ

_____ қала _____ нен

Мына құрамдағы комиссия (3 адамнан кем емес)
Денсаулық сақтау ұйымы өкілдерінің Т.А.Ә., қызметі;
Ішкі істер органдары өкілінің Т.А.Ә., қызметі;
Санитарлық эпидемиологиялық қызмет органы өкілінің Т.А.Ә., қызметі
үйінде қайтыс болған науқастардың туыстары өткізген құрамында Тізімнің II
Кестесіндегі есірткілік дәрілер, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды,
сондай-ақ 200__ж "___" _____дан 200__ж "___" _____ дейін кезеңде
сынықтарды және ақауларды атаулары бойынша:
ампулаларда, ұнтақтарда, таблеткаларда (атауын, мөлшерін, кімнен
алынғанын, Т.А.Ә., науқастың ауру тарихының N көрсету керек)

_____ жоюды жүргізді.

Дәрілік заттар: ампулалар - жаншу арқылы; ұнтақтар мен таблеткалар өртеу
жолымен (керектісін сызу қажет) жойылды.

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

_____ (қолдары)

_____ (қолдары)

Қазақстан Республикасында
бақылауға жататын есірткілік
дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды медициналық
мақсаттарда қолдану Ережесіне

22 қосымша

Б е к і т е м і н

_____ ұйым басшысының Т.А.Ә

200__ж. "___" _____

Ұйымының атауы

**Есірткілік дәрілерді, психотроптық заттар
мен прекурсорларды салыстыру**

АКТИСІ

200__ж. _____ айы үшін

р/к N	Атауы	Өлшем бірлігі	Айдың басындағы қалдық	Кіріс

1	2	3	4	5
Шығын	Кітап қалдығы	Нақты қалдық	Нақты және кітаптағы қалдық арасындағы айырмашылық	
6	7	8	9	

Қорытынды _____
 Жауапты адам _____ қызметі, қолы
 Тексерген _____ қызметі, қолы